

**Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы
Гидрометеорология жөніндегі Бас басқарманың құла түздегі, биік таулардағы
және аралдардағы гидрометеорологиялық станциялардың қызметкерлерін
азық-түлік сыбағасымен жабдықтау туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 тамыз 1992 ж. N 652. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 қарашадағы № 926 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.11.2015 № 926 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқарманың құла түздегі, биік таулардағы және аралдардағы гидрометеорологиялық станциялар мен постылардың қызметкерлерін азық-түлік сыбағасымен жабдықтау тәртібін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқармасына климат жағдайы ауыр құла түзде, биік таулы аудандарда орналасқан гидрометеорологиялық станциялар мен постылардың қызметкерлерін тегін тамақпен қамтамасыз етуге рұқсат етілсін.

2. Географиялық және климат жағдайларына қарай тегін тамақ берудің нормалары бойынша гидрометеорологиялық станциялар мен постылар үш с а н а т қ а б ө л і н с і н .

Құла түздегі сусыз және елсіз аудандар мен теңіз деңгейінен 2000 метр биіктіктегі биік таулы аудандарда орналасқан гидрометеорологиялық станциялар мен постылар бірінші санатқа жатқызылсын.

Ірі елді мекендерден (20 километрден аса) шалғай жатқан құла түздегі теңіз деңгейінен 1000-нан - 2000 метрге дейін биіктіктегі тауларда, елсіз аралдар мен түбектерде орналасқан гидрометеорологиялық станциялар мен постылар екінші с а н а т қ а ж а т қ ы з ы л с ы н .

Қазақстанның шалғайдағы ел аз қонған, таяу ірі мекендермен тұрақты байланысы жоқ (20 километр және одан шалғай) аудандарында орналасқан гидрометеорологиялық станциялар мен постылар үшінші санатқа жатқызылсын.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқарма қатынауы қиын станциялардың

сыбаға санаттары бойынша бір адамға берілетін азық-түліктің түр-түрін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен, Еңбек министрлігімен және Сауда министрлігімен келісетін болсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бағалар индексінің өзгеруін ескеріп, бюджет есебінен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқарманың қатынауы қиын станцияларының сыбаға санаттары бойынша тағам өнімдерінің келісілген түр-түріне төлем жасалуын көздісі.

Облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқармасы бекіткен тізімдер бойынша облыстардың ресурстары есебінен сыбаға белгіленген станциялар мен постыларға тамақ өнімдерін беріп тұруды қамтамасыз етсін.

4. Сыбаға берілетін станциялар мен постылардың тізімдерін жыл сайын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқармасы бекітетін болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі